



ПРИПОЗЁРСКИЙ

№ 20/560
18 мая 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ЖАҒАНДЫҚ ДАҒДАРЫС ШЕШІМДЕРІН ӘЗІРЛЕУГЕ БҮКІЛ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ АТСАЛЫСУЫ ҚАЖЕТ - ЕЛБАСЫ

Мемлекет басшысы пленарлық отырыста сөйлеген сөзінде Астана экономикалық форумына қатысу көпшілік үшін игі дәстүрге айналғанын атап өтті.

— Он бірінші рет өткізіліп отырған бұл форум экономиканың, инвестицияның және инновацияның мейлінше өзекті мәселелерін талқылауға арналған. Биылғы форум жаһандық сын-тегеуріндерге лайықты жауап табу мәселелерін де қарастырады, — деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев шиеленісті жағдайлардың көбейгеніне және қазіргі өркениеттің жаңа жаһандық трансформациясына тоқталып, ғаламдық дамудың басты бес мегатренді атап өтті. Олардың қатарында адам қызметінің барлық салаларын цифрландыру, энергетикалық революция, жер шарындағы тұрғындар санының жылдам өсуі, урбанизация қарқыны мен сипатының және жаһандық еңбек нарығының өзгеруі бар. Мемлекет басшысы экономиканың жаңа цифрлық моделінің нәтижесі оның ұлғаюына ғана емес, сондай-ақ 2017 жылы бизнес үшін ең қауіпті деп танылған киберқауіпсіздіктің артуына да байланысты екенін айтты.

— Біз де осы жаңа жағдайға бейімделіп келеміз. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру арқылы елімізде цифрлық инфрақұрылымның және IT-экожүйесінің дамуы қамтамасыз етіліп, тұрғындардың 85 пайызының цифрлық сауаттылығы артады. Біз жаңа технологияларды қолдана отырып, 5 жыл ішінде өңдеу секторындағы еңбек өнімділігін 1,5 есе арттыруды жоспарлап отырмыз, — деді Қазақстан Президенті. Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев жиынға қатысушыларға Қазақстанда «жасыл» экономиканы жүйелі түрде дамытудың негізіне айналған «Болашақ-

тың энергиясы» тақырыбымен ұйымдастырылған «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің қалай өткені жөнінде әңгімеледі.

Сонымен бірге, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда агломерацияларды дамыту жөніндегі стратегия іске асырылып жатқанын,



Мемлекет басшысы жер шары тұрғындарының саны жылдам өсіп келе жатқанына тоқталып, базалық ресурстардың шектелуі екеніне және ауыз су тапшылығының артуына байланысты азық-түлік өндірісін көбейту қажеттігін айтты. — Агроөнеркәсіп кешенінің өнімділігі мен ресурстарды пайдалану тиімділігін айтарлықтай арттыру қажет. Бұл сала енді жоғары технологиялық салалардың біріне айналуға тиіс. Қазақстанда заманауи жетістіктерді қолдана отырып, 5 жылда агроөнеркәсіп кешенінің өнімділігін 2,5 есе арттыру мақсаты қойылып отыр, — деді Қазақстан Президенті.

сондай-ақ Астананың 20 жылдығын мерекелуі барысында өтетін Жібек жолы елдері ірі қалаларының форумы туралы айтты. Мемлекет басшысы жаһандық еңбек нарығының трансформациялану мәселесіне тоқталып, креативті ойлау қабілетін қалыптастыруға, қажетті ақпаратты тауып, оны дұрыс қолдану қабілеттерін жетілдіруге бағытталған білім беру саласын реформалау жөнінде Қазақстан тарапынан қабылданып жатқан шараларға назар аударды. — Біз мемлекет қалыптастыру ісінің бастауында «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асыруға кірістік. Сол арқылы 13 мың қазақ-

стандық мемлекет есебінен әлемнің үздік университеттерінде оқуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, елімізде әлемдік деңгейдегі университеттер ашылды. Олардың қатарында Назарбаев Университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты және Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті бар. Жаңа «Бес әлеуметтік бастама» арқылы оқу гранттарының саны көбейіп, студент жастардың тұрмыс жағдайы жақсарады, — деді Қазақстан Президенті. Нұрсұлтан Назарбаев аталған жаһандық 5 тренд әлемде орын алып жатқан тұрақсыздық жағдайының арта түсуінің негізгі факторлары болып саналатынын және G-Global бастамасын ұсынғанын атап өтті. Бұл бастама G-7 және G-20 бастамаларына қарағанда, барлық елдердің пікірлері мен мүдделерін біріктіруге мүмкіндік беріп, мейлінше теңгерімді шешімдер табуға нақты тетігіне айнала алады. — Осы басқосуда орнықты даму, экономикалық теңсіздікті қысқарту, халықаралық саудасаттықтың, жалған ақпарат таратудың, криптовалюта қолдану мен оны реттеудің жаңа ережелерін айқындау мәселелерін талқылауға болады. Жаһандық дағдарысқа қарсы шешімдер әзірлеу ісіне бүкіл халықаралық қоғамдастықтың атсалысуы қажет екенін ескеріп, бұл бастаманы Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы алаңда жүзеге асыруды ұсынамыз, — деп түйіндеді Мемлекет басшысы. Сонында Қазақстан Президенті шараға қатысушыларға табыс тілеп, форум жұмысы нәтижелі әрі жемісті болатынына сенім білдірді.

«Егемен Қазақстан»,
Суреті түсірген
Ерлан ОМАРОВ

ЕЛ ЖЫРШЫСЫ

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693-1787) — өйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне-көп Абылай ханның өтінішімен, «сөзе айтшы» деген тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен, бұларды дәлме-дәл келіп отырған. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тұдың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырма қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал тілімді алмасан», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басына біткен күніміз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен

көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсыңға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі Қытай мен Ресей аты қос алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасаған. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі, жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттелген. Әсіресе, оның толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленген. Мысалы, «Қылы заман» толғауындағы мына бір жайлар «Күнбатыстан бір дүшпан, Ақырында шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты боп Күншығысқа қарайды.

Шашын алмай, тарайды, Күдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Затсыз, тексіз бір көпір, Аузыбасы жүн көпір, Жемқорларға жем беріп, Азды көпке теңгеріп, Ел қамын айтқан жақсыны, Сөйлетпей ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды, Қағазға жазар малыңды. Есен алар пұлыңмен, Солдат алар ұлыңнан, Күндердің күні, Абылай, Жаяулап келер жұртыңа, Жағалы шекпен кигізіп, Балды май жағар мұртыңа, Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан», табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді. Қазақ қоғамының сөнінен, мөнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғалаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған. Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғандарын білімпаздықпен саралаған М.Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жөйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», — дейді. Жыраудың толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шырышқ атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі



сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7-8 буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау музыкалық аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орандалады. Толғауларының поэзия-лық сәулелі, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше «Бұхарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын дөушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Апплатонның ақылы керек» — деп жазады жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Жыраудың шығармаларының текстологиясы әлі күнге ретке келтірілмеген. Ең қажетті тандамалы сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер іріктеліп, сұрыпталып алынбаған, дұрыс, түзу, мұқият салыстырулар жүргізілмеген. Бұл болашақтың ісі. Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ.Халид, Г.Потанин, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жүмалиев, М.Мағауин, Р.Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген.

Дереккөзі:
<https://www.zharar.com/kz/shygarma/2176-buhar.html>

ГУ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: ВОПЛОЩАЯ ПЯТОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РК



При строительстве объектов в городах требуются повышенные требования к качеству, экологичности и энергоэффективности строящихся зданий. Об этом говорится в Послании Главы государства Нурсултана Назарбаева народу РК. Пятым направлением Послания является внедрение современных технологий в строительстве и коммунальном секторе.

В настоящее время по городу Приозерск разрабатываются следующие проекты:

- строительство 90 квартирного жилого дома по ул. Балхашская;

- строительство ИКИ к 90 квартирному жилому дому по ул. Балхашская;

- капитальный ремонт и усиление несущих конструкций городского стадиона;

- реконструкция водопроводных сетей города Приозерск;

- капитальный ремонт и усиление несущих конструкций жилого дома по ул. Момышулы 3.

Всем проектировщикам при проектировании объектов дано поручение учитывать пятый приоритет Послания Президента РК внедрение современных технологий в строительстве и коммунальном секторе. Применять новые методы строительства, современные материалы и новые подходы в проектировании зданий и сооружений.

При выполнении этой задачи по нашему городу, будут применены новые методы строительства, современные материалы,

принципиально иные подходы в проектировании зданий и планировании городской застройки.

Строящиеся и уже имеющиеся дома и объекты инфраструктуры необходимо оснащать системами интеллектуального управления. Это повысит уровень комфортного проживания для населения, сократит потребление электроэнергии, тепла, воды, будет стимулировать использование монополистов в естественно эффективностью своей деятельностью.

Внедрение современных технологий сможет поднять на качественно новый уровень строительство и коммунальный сектор города.



ГУ «Отдел строительства г. Приозерск»

ҚР Н.Ә.Назарбаевтың «ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ» атты Қазақстан халқына Жолдау



Послание Президента РК Н.А.Назарбаеванароду Казахстана «ҚАЗАХСТАН В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ: РОСТ, РЕФОРМЫ, РАЗВИТИЕ»

«Повышение доступности и качества высшего образования и улучшение условий проживания студенческой молодежи».

В 2018-19 учебном году будет выделено дополнительно 20 тысяч грантов к 54 тысячам, выделяемым ежегодно.

Из них 11 тысяч - на обучение бакалавров по техническим специальностям (информационные технологии, робототехника, нанотехнологии).

Необходимо повысить стоимость новых грантов во всех вузах по техническим и сельскохозяйственным специальностям до уровня грантов в национальных вузах.

До конца 2022 года необходимо обеспечить строительство новых студенческих общежитий не менее чем на 75 тысяч мест.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА

Тәуелсіздікке қол жеткізген кезден бастап алған Қазақстанның қазіргі заманауи тарихында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевпен жарияланған жемқорлықпен табынды және ымырасыздық күрес бағыты республиканың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі мағынасын қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының базалық бағыттары Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясында, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында белгіленген сыбайлас жемқорлықты іріктеу міндеттерін іске асыру арқылы нақты белгіленген. Бұл ретте, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін азайтудың мақсатты нұсқамаларына қол жеткізу алгоритмі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарлаудың көп деңгейлі жүйесінде бүгінгі күні басты бағдарламалық құжат болып табылатын Қазақстанның 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында көрсетілген.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды жүйелі және бірізді іске асыру ұлттық тәжірибе ауқымы мен озық халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелерді тартуды ескерумен өзін-өзі жетілдіру режимінде тұрақты тұрған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бірегей үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның бірінші кезеңін іске асыру табысты аяқталды, бұл оны орындаудың алғашқы нәтижелерін ұғыну қажеттілігін өзектендіреді. 2015 жылғы 18 қарашада бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының талаптары тұрақты әзірлеуге негіз болған осы жыл сайынғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндамада өзіннің көрінісін тапты.

Ұлттық баяндаманың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша практика-

лық іс-шараларды әзірлеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдірумен Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты және оның таралуының жай-күйі мен үрдісіне объективтік талдау болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес Ұлттық баяндама сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жұмысының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басқа да субъектілері (мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің) қызметінің нәтижелері негізінде қалыптастырылады.

Осы жылы алғашқы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық актінің - посткеңестік кеңестікте теңдесі жоқ Заңның қабылданғанына 20 жыл толып отыр. Бұл оқиға, сонымен қатар, Қазақстанның жаңа сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының жүзеге асырылуының алғашқы қорытындылары Ұлттық баяндамада көрсетілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа модель мемлекеттік қызметті жаңғырту арқылы мемлекеттік биліктің барлық тармақтарын жүйелі реформалауға, құқық қорғау және сот жүйелері заңның үстемділігі, ашықтық пен есептілік, тұтынушыға бағдарлану принциптеріне бағытталған.

Бұған бір қатар әр қайсысының орындары жемқорлықты төмендетуге бағытталған заңдардың қабылдануы себеп болды («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Ақпараттарға қол жеткізу туралы»).

Сыбайлас жемқорлықтың халықаралық және ұлттық деңгейлерде таралуының үрдістері мен жағдайының сараптамасы осы Баяндамада қарастырылған. Биылғы жылы, сыбайлас жемқорлықты қабылдау рейтингінде Қазақстан 31 ұпайға иеленіп, көрсет-

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа модель

кішті 2 ұпайға және 9 позицияға жақсартып 122 орынға шыққанын айта кеткен жөн. Бұл бағалар еліміздің Трансперенсі Интернешнл (1999 жылы – 23 ұпай) рейтингісіне енгізілген сәттен бастап берілген жоғары баға болып табылады.

сатқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысу, қоғамдық сыбайлас жемқорлықты қабылдауды қалыптастыру және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілету мәселелері де Баяндамада көрсетілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ МИНИСТРЛІГІНІҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ КҮТІМ БӨЛІМІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ

Біздің міндет – халыққа қызмет!

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты 1424 телефоны бойынша сеніп тапсыра аласыздар

Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін

www.antycorruption.gov.kz

Осындай нәтижелерге қолжеткізу, атап айтқанда, 30 ұпай шектік мәнді асыру, сыбайлас жемқорлыққа аса бейім елдерінің санатынан шығуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар Баяндамада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған шаралар ұсынылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынылған орындалуының анағұрлым маңызды нәтижелері ретінде мемлекет пен салық төлеушінің арасындағы қатынастың ырықтандырылуын, жоспардан тыс тексерістерді өткізу үшін негіздер санының 62%-ға төмендеуін (32-ден 12-ге дейін), ауыл шаруашылығы саласындағы субсидияларды беру бойынша бірқатар процесстердің авотматтандырылуын, сонымен қатар дәрі-дәрмектер пен медициналық құрал-жабдықтардың сатылай электрондық сатып алуларға көшірілуін және т.б. атап өтуге болады.

Азаматтық қоғамның мемлекеттік сая-

Мәселен, Агенттікпен ЖОО қауымдастығымен, орта және арнайы орта оқу орындарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясымен, Кәсіподақ федерациясымен, дін конфессияларымен серіктестік қарым-қатынастар орнатылған, көптеген бірлескен жобалар жүзеге асырылуда. Азаматтық қоғамның белсенді өкілдерінің қатарынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша арнайы мониторингтік топтар құрылған.

2018 жылдың 3 сәуірінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама Елбасымен ұйғарылды. Оның толық нұсқасымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сайтында танысуға болады.

<http://kyzmet.gov.kz/ru/pages/nacionalny>

«ТАЗА АУЛА» АКЦИЯСЫ

Қала аумағында тазалық сақтау мақсатында сенбілік жұмыстары қызу басталды. Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен қалалық аумағында «Таза аула» акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты жастарды табиғатты қорғауға, айналаны таза күтіп ұстауға тәрбиелеу болып табылады. Бұл – көпшіліктің бірлесе, жұмыла атқаратын игілік ісі. Сенбілік күндері қаланың барлық жастары мен ерікті белсенділері бір кісідей жұмысқа үлкен жауапкершілікпен кіріседі.



Осы мақсатта 2018 жылдың 21 сәуірі күні жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен қала мешітінің аумағында сенбілік ұйымдастырылып, өткізілді. Сенбілікке орталықтың қызметкерлері, ерікті белсенділер мен қала жастары қатысты. Аталған жастар қолдарына сыпыртқыларын алып, күрек, тырмамен қаруланып

тазалық жұмыстарына атсалысып, жер қопсытып, айналаны түгелдей сыпырып, тазартты. «Денсаулық – тазалық кепілі» – дейді халық даналығы, сондықтан қоршаған ортаның таза болуы адамның көңіл-күйіне ерекше әсер ететіні анық.

Жастар Ресурстық орталығы

ОТБАСЫ СӘНІ - СЫЙЛАСТЫҚ

2018 жылдың 15 мамыр күні «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Дүниежүзілік отбасы күніне орай «Отбасы сәні-сыйластық» атты танымдық кеш өтті. Мерекелік іс-шараға №1 мектептің 10 сынып оқушылары қатысты.

М.Айтжанова отбасы туралы айтып өтті. Оқушылар отбасы туралы сауалнама толтырып, отбасы жайлы өлеңдер оқыды. Оқушылар назарына «Бақытты жануя» тақырыбында видеоролик көрсетіліп, «Отбасы-алтын дінгек» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кештің мақсаты оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, рухани тазалыққа баулу; отбасы мен ата-ананы бағалауды үйрету болатын.

Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі - дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі - дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу дінгегі – ата-ана.

Іс-шара барысында кітапханашы

Приозерск қалалық кітапханасы



ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТАЯУ ЖЫЛДАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЛАТЫН ӘЛІПБИЕНЕ КӨШІРУ

Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. 2025 жылға қарай іс қиғазарық міндетті баспасөзді, оқулықтарды, барін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиісіз.

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БОЙЫНША «ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕП 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫ

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің берік бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты құртқып, олардан қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі тандулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

«ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласында ауымды елестану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға басқа мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи өскерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ» ЖОБАСЫ

«Мәдени - географиялық белдеудің» рөлі мен оған өнетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуді үшін оқу - ағарту дайындығын жүргізуге қажет.

«ЖАҢАҒАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӨДЕНІЕТ» ЖОБАСЫ

Отандық мәдениет БҰҰ - ның алты тілі – ағылшын, орыс, ұйғыр, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт.

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 100 ЖАҢА ЕСІМ» ЖОБАСЫ – ТҮВЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ТАБЫСҚА ЖЕТКЕН, ЕЛІМІЗДІҢ ӘР ӨНІРІНДЕ ТҰРАТЫН ТҮРПІ ЖАСТАҒЫ, САН АЛУАН ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Заманауи қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту, ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру.

6 концептуальних направлений модернизации программы «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

- Конкурентоспособность
- Прагматизм
- Сохранение национальной идентичности
- Культ знания
- Эволюционное, а не революционное развитие Казахстана
- Открытость сознания

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Тәуелсіз Қазақстанның Астанасына – 20 жыл!

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫ

Еліміздегі балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Жас Ұландар» күнін «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқушылары биылғы жылы Астананың 20 жылдық мерейтойына арнап атап өтті. «Асқақтаған – Астанам!» атты жиында білім ошағының үздік оқушыларын «Жас ұлан» және «Жас қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қатарына салтанатты қабылдау рәсімі болып өтті.

«Жас ұлан» және «Жас қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының мақсаты өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді ұялату, білім мен өзін-өзі

өсуіне аталмыш ұйымдардың білім нәрімен сусындап жүрген оқушылар үшін маңызы орасан зор екенін айтуға болады.

Бірыңғай балалар мен жасөспірімдердің «Жас қыран» «Жас ұлан» ұйымдарының қатарына қабылданатын 33 озат оқушының төсбелгісі және галстуктерін табыстау рәсімі биылғы оқу жылында мектеп бітіретін түлектерге бұйырды.

Үздіктер қатарымен толыққан озат оқушылардың жанарынан білімге деген құштарлық пен болашаққа деген сенім байқалады. Сап түзеген оқушылар «Жас ұлан» мен «Жас қыран» ұйымдарының антын қабылдап, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады.

Салтанатты жиында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Утегенова мен қаламыздағы 06708 әскери бөлімі «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшісі Т.Кенжебеков құттықтау сөз сөйлеп, озат оқушылардың білімдерін одан әрі жетілдіре берулеріне зор табыстар тіледі.

«Асқақтаған-Астанам!» тақырыбындағы салтанатты іс-шара өн мен биге ұласып, көпшілікке танымал «Астана» әнімен аяқталды.

С. Наринбаева,
«Жас Ұлан» ұйымының жетекшісі,
«Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ



жетілдіруге деген құштарлықты арттыру, өз елінің тарихын білуге, сонымен бірге елдің бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу болғандықтан, аталған ұйымдардың қатары жыл сайын үздік оқушылар қатарымен толығып отырады.

Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін және туған тілі мен дінін дәріптеуге, отандастарымыздың даңқты ерлігі, өнегесі негізінде ерлікке баулитын, сонымен қатар туған елінің жанашыр азаматы болып

Алдын алу басты назарда

2016-2018 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ӘСКЕРДЕ ҚЫЛМЫСҚА ОРЫН ЖОҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Бағдарлама құжаттарының негізгі міндеттері болып әскери құқық бұзушылыққа және қылмысқа әсер ететін, жаңа әдістерді енгізумен және оларды төмендету бойынша әдістер енгізу арқылы алдын алу жүйесін жетілдіру, сонымен қатар олардың себептері мен шарттарын анықтау және жою бойынша әзірленген тиімді шаралар есептеледі.

лықты алдын алу онкүндігі өткізілді. Осы атқарылған тиімді бағдарлама Приозерск гарнизоны әскери бөлімдерінің әскери қызметшілерінің әскери тәртібін нығайтуға өз әсерін тигізді деп сеніммен айтуға болады.

Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің қызметкерлері бағдарлама негізінде атқарылатын іс-шараларды әрі қарай сапалы



Аталған бағдарлама негізінде Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің қызметкерлері Приозерск гарнизоны Әскери бөлімдері мен мекемелерінде қылмыс пен құқық бұзушылық жасауға жол бермеуге және қылмыс пен құқық бұзушылыққа итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жоюға арналған іс-шараларын жүргізуде.

Сонымен қатар, бағдарлама аясында құқықтық тәртіп және әскери тәртіпті күшейту бойынша қабылдайтын тиімді шаралар мен мәселелер бойынша дөңгелек үстел жиналыс отырысы және қылмыс пен құқық бұзушы-

жүргізуді жалғастырып, Приозерск гарнизоны Әскери бөлімдерінің әскери қызметшілерінің әскери тәртіпті қатаң сақтауын, өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерін адал орындауын, жалпыәскери жарғылардың бұзылуына жол бермеуін және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізуде.

С. Жүсіпов,
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің бастығы, әділет майоры



ҚАЛАДА ТАСАТТЫҚ БЕРІЛДІ

Қала тұрғындарының ұсынысымен, қала имамы Дәуіт Сейтқалиұлының халыққа жария етуімен және азаматтардың ұйымдастыруымен бірнеше жылдардан бері үзіліп қалған Жаратқан иеміздің жолына арнап тасаттық беру мәселесі көтерілгені туралы бұдан бұрынғы қалалық газетіміздің кезекті санында жариялап, шағын шаһарымыз тұрғындарына үн қатқан болатынбыз. Соңғы кезердегі түрлі табиғи апаттардың елімізде көбеюі, жасатар арасындағы дауасыз дерттердің белең алуы салдарынан жас қыршындардың ауыр науқастан немесе тосаттан қаза болуы жұртшылықты қатты уайымға салып, көңілдеріне қаяу түсіріп жүргені көпшілікті бейжай қалдырмапты. Аздаған уақыт ішінде ұйымдастырушы азаматтардың жедел іс-әрекеті және насихатының арқасында тұрғындар тарапынан қомақты қаржы жиналып, қасиетті Рамазан айының басталуы қарсаңында, яғни мамыр айының 13-жұлдызында қалалық мешітке аталмыш тасаттықты беру садақасы ұйымдасқан түрде өткерілді.

Тасаттыққа қала тұрғындары дерлік түгел қатысқандай. Себебі мыңнан астам адам тасаттықтан дәм татып, әуелі Аллаға, сосын әуақтарға арналып жасалған бата мен құранға қол жайды. 250 адамға шақталған мешіт асханасынан

тыс далаға үстел жасалып, дастарқан жайылғанның өзінде үш дүркін халық келгені соны мензейді. Қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин бастаған әкімдік бөлімдерінің басшылары, қалалық мәслихат депутаттары мен қалалық ішкі істер бөлімінің, қалалық ТЖ бөлімінің басшылары да тасаттыққа қатысып, тұрғындармен бірге ниетке ортақ болғаны көңіл қуантарлық болды.

Ақсақалдар мен қаланың басшы азаматтарының басын қосқан дастарқаннан соң, қаламыздың беделді тұлғасы хәм ел алдында сыйқұрметке не Бесүгіртегі Фахраддин жожа дастарханға ұзақ және мазмұнды, ғибратты һәм өңегелі батасын беріп, қала имамы құран оқып болған соң осы тасаттықты ұйымдастыруға ерекше үлес қосқан азаматтар мен апайларға, Құдай жолына беріліп жатқан астан ауыз тиіп ортақтасқан және қаржылай көмектескендерге алғысын білдірді. Тасаттықты ұйымдастырып, өткізу сеніп тапсырылған ұйымдастыру кабинеті жоғары ақсақалымыз Жолдасбай Әмжаров ағамыз халықтан тасаттық өткізу үшін жиылған қаражат пен оның жұмсалғаны жайында есеп берді. Қала тұрғындары тарапынан барлығы 506000 теңге қаржы жиналып, оның 358000 теңгесі сойыстық үшін қара мал және

азық-түлік сатып алуға жұмсалғанын мәлімдеді. Қалған 148000 теңгені қайда, кімдерге жұсау керектігін қала имамы жиылғандардың өздерінің ортасына салды. Ардагер ақсақал Мырзабек Хизиров сөз алып, мешіт асханасының тамақ дайындайтын ауласындағы қазандық орналасқан орынға әлі күнге бастырма жасалмағанын еске салып, қаржының бір бөлігін осыған жұмсауды және артылғанын кем төмінделген отбасыларға бөліп беруді ұсынды. Тұрғындар бұл ұсынысты бірауыздан қолдады.

Сондай-ақ қала имамы Дәуіт Сейтқалиұлы отбасында алғашқы немересі дүниеге келіп, бүгін шаңырағына жаңа мүше қосылып жатқан қуанышымен көптеп бөлісті һәм осы қуанышына орай өз отбасының атынан тасаттықтың өтуіне атсалысқан, басшылық еткен, осы садақаға ұйытқы болаған Жолдасбай Әмжаровқа, өзге де апалар мен азаматтарға сый-сыйапат жасады. Сөз соңында имам алдағы уақытта аталмыш шараны қала ақсақалдарының ұйғарымына сәйкес жыл сайын



наурыз айының басында, наурыз мерекесіне дейін өткізіп тұруға бөтуаласқанын жария етіп, қала тұрғындары тарапынан қолдау тапты. Алла-тағала қала тұрғындарының шын көңілден берген тасаттықтарын қабыл етсін дейміз біз де өз тарапымыздан.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.
Суретте: тасаттық сәтінен көрініс

Простая письменная форма сделки

ЗАЁМ ДЕНЕЖНОЙ СУММЫ ПОД РАСПИСКУ

В жизнедеятельности граждане сталкиваются с ситуациями, когда решением житейских или иных проблем являются деньги. Дабы избежать непредусмотренных финансовых потерь, в обязательном порядке заём денежной суммы должен осуществляться в виде расписки в письменной форме, приравняющаяся к кредитному договору.

Согласно ст.152 Гражданского кодекса несоблюдение простой письменной формы сделки не влечет ее недействительности, но лишает стороны права в случае спора подтвердить ее совершение, содержание или исполнение свидетельских показаниями. Стороны, однако, вправе подтвердить совершение, содержание или исполнение сделки письменными или иными, кроме свидетельских показа-

ний, доказательствами.

В случае, прямо указанных в законодательных актах или в соглашении сторон, несоблюдение простой письменной формы сделки влечет ее недействительность.

Дееспособный гражданин, взявший на себя долговое обязательство, должен своевременно погасить всю сумму, указанную в расписке.

По таким категориям дел в Приозерском городском суде рассмотрено 34 исковых заявления о взыскании долга согласно заключенного договора сторон в письменной форме. И по всем делам, исковые требования истцов удовлетворены.

Ж. Абдукадилова,
секретарь судебного заседания

Консультация юриста

КТО ИМЕЕТ ПРАВО НА БЕЗВОЗМЕЗДНУЮ ПРИВАТИЗАЦИЮ?

В соответствии с пунктом 8 статьи 13 Закона "О жилищных отношениях", право на безвозмездное получение в собственность занимаемых ими жилищ из государственного жилищного фонда имеют:

- инвалиды и участники Великой Отечественной войны. В случае смерти инвалида или участника Великой Отечественной войны, которому было предоставлено жилье, право на его безвозмездное получение переходит к членам его семьи;
- инвалиды I и II группы;
- лица, принимавшие участие в ликвидации последствий катастрофы на Чернобыльской атомной электростанции, других радиационных катастроф и аварий на объектах гражданского или военного назначения, а также участвовавшие непосредственно в ядерных испытаниях и учениях;
- граждане Республики Казахстан, пострадавшие вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном

полигоне;

-военнослужащие, ставшие инвалидами вследствие ранения, контузии, увечья, полученных при защите бывшего Союза Советских Социалистических Республик, при исполнении иных обязанностей военной службы в другие периоды или вследствие заболевания, связанного с пребыванием на фронте, а также при прохождении военной службы в Афганистане или других государствах, в которых велись боевые действия;

-граждане Республики Казахстан, пострадавшие в результате экологического бедствия в Приаралье;

-военнослужащие, имеющие выслугу двадцать лет и более в календарном исчислении.

Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск.

ҚР ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРІ ДАРХАН КӨЛЕТАЕВ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗЕДІ

2018 жылғы 13 маусым күні сағат 15.00-де ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі Дархан Көлетаевтың халық алдындағы есептік кездесуі өтеді.

Министр есептік кездесуінде ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің өткен жылғы атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарлары туралы айтады. Сондай-ақ, есептік кездесу барысында түскен халықтың сұрағына жауап береді. Өңір тұрғындарының онлайн-режимінде сұрақ қоюлары үшін бейнеконференц байланыс жүйесі қамтамасыз етілетін болады. Министрдің халық алдындағы есептік кездесуі тікелей эфир арқылы www.bnews.kz интернет-порталында көрсетіледі.

Өтетін орны: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 4, «Қазмедиа орталығы» ғимаратының кино-концерт залы.

ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің қызметіне қатысты сауалдар мен ұсыныстарды тұрғындар k.kense@diakom.gov.kz электрондық поштасына немесе 8 (7172) 74-18-48, 8 (7172) 74-18-68 телефонына хабарласу арқылы тікелей жолдай алады.

«Нұр Отан» партиясының «Үздік бастауыш партия ұйымы» республикалық байқауын өткізу туралы

2018 жылдың қыркүйек және желтоқсан айлары аралығында «Нұр Отан» партиясының «Үздік бастауыш партия ұйымы» республикалық байқауы өткізіледі.

Байқаудың мақсаттары мен міндеттері: БПҰ қызметін уәждемелеу және олардың жұмысын жандандыру, үздік БПҰ анықтау және олардың жұмыс тәжірибесін тарату, партиялық кадрлардың резервін қалыптастыру.

Байқау 3 кезеңнен тұрады:

- I кезең – байқау ресми жарияланған күннен бастап (1 тамыздан кеш емес) ағымдағы жылдың I қазанына дейін;

- II кезең – ағымдағы жылдың I қазанынан I қарашасына дейін;

- III кезең – ағымдағы жылдың I-30 қарашасы аралығы;

- Женімпаздарды марапаттау рәсімі 2018 жылдың желтоқсанында.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалында қабылданады, мекен-жайы: Балқаш к-сі, 5 үй, тел.5-39-69.

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

ОТКРЫТО НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

После смерти Рышгакова Василия Ивановича, умершего 22 января 2018 года. Имеющимся наследникам обратиться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д.1-Б, тел. 8-775-162-70-05 ***

После смерти Бабенко Михаила Андреевича, умершего 16 апреля 2018 года. Имеющимся наследникам

обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д.1-Б, тел. 8-775-162-70-05 ***

После смерти Ермагамбетова Кайрата Утегеновича, умершего 22 декабря 2017 года. Имеющимся наследникам обратиться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д.1-Б, тел. 8-775-162-70-05

О проведении Республиканского конкурса партии «Нұр Отан»

«Лучшая первичная партийная организация»

С сентября по декабрь 2018 года проводится Республиканский конкурс партии «Нұр Отан» «Лучшая первичная партийная организация».

Цель и задачи конкурса: мотивация и активизация деятельности, выявление лучших ППО и распространение их опыта работы; формирование партийного кадрового резерва.

Конкурс проводится в 3 этапа:

- I этап начинается с момента официального объявления конкурса (не позднее 1 августа) и проводится до 1 октября т.г.;

- II этап - с 1 октября до 1 ноября т.г.;

- III этап - с 1 до 30 ноября т.г.;

- Награждение победителей в декабре 2018 года.

Для участия в конкурсе заявки принимаются по адресу ул.Балхашская 5, Приозерский городской филиал партии «Нұр Отан», тел.5-39-69.

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арқо» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 20/560. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2,4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041